

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында соңғы әскерге шақырылған адамдарға материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2001 жылғы 13 қарашадағы № 49 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2001 жылғы 22 қарашада № 1144 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 4 сәуірдегі № 56 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 07.04.2012. № 93 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңын басшылыққа ала отырып және облыстық мәслихаттың 2001 жылғы 24 тамыздағы N 14-5 шешіміне сәйкес облыстық әкімият **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2009.01.26 N 29 Қаулысымен.

1. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда әскери қызметін мінсіз атқарғаны үшін бұрынғы КСРО-ның ордендерімен және медальдарымен марапатталған, 1926-1927 жылдары туған соңғы әскерге шақырылған адамдарға 2001 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 2,9 ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын материалдық көмек тағайындалсын.

2. Қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Қ. Нұрғалиевке жүктелсін.

Облыс әкімі